

"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден тәмен сырға және сырға сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 наурыздағы № 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 наурызда № 32153 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден тәмен сырға және сырға сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12219 болып тіркелген) өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден тәмен сырға және сырға сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларында:

8-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ЕАБА-ның жұмысына санкциясыз араласу туралы ақпараттандыру;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сырға және сырға сусыны өнімін өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:

- 1) өндірілген сыранның көлемін өлшейтін сырға ағысының жаппай немесе электромагниттік шығынын өлшеу аппаратынан;
- 2) шығынды өлшеуішті екінші құрастыруышыдан;
- 3) ақпараттарды жинау, сақтау, өндеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтан;
- 4) инфрақұрылымдық жабдықтан (үздіксіз қоректендіру көзінен, серверлік шкафтан);

5) этил спиртінің концентрациясын айқындауға арналған өлшеу құралдарынан (алколайзер-тығыз өлшегіш немесе спирттік рефрактометр).".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрі орынбасары -

Қаржы министрі

E. Жамаубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК